

1.12. Халықаралық төлем жүйелері (ХТЖ) – Операцияларды жүзеге асыру үшін Кәсіпорын қабылдайтын төлем карталарына қызмет көрсететін халықаралық төлем жүйелеріне қатысушы тараптар арасындағы өзара есеп айырысу және Транзакциялар алмасу жүйесі. Халықаралық төлем жүйесі өз қызметінің ережелерін белгілейді және Халықаралық төлем жүйесіне қатысушылар арасында Операциялар бойынша клирингтік есеп айырысуларды жүзеге асырады;

1.13. Алаяқтық операция – төлем картасын пайдалану арқылы жүзеге асырылған, ХТЖ немесе Банк-эмитенттен алаяқтық деп танылған және/немесе Карта иесі тарапынан дауланған операция, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 25 тамыздағы № 54 қаулысымен бекітілген «Алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу орталығының қызметін жүзеге асыру тәртібіне қойылатын талаптар және оның қызметіне қатысатын тұлғалармен өзара іс-қимылы туралы талаптарға» сәйкес алаяқтық деп танылған операция. Төлем картасын пайдалану арқылы жүргізілген Операциялардың алаяқтық сипатын растау үшін Банк-эмитенттердің, басқа да екінші деңгейлі банктердің аталған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына сәйкес берілген өтініштері және/немесе Банктің электрондық түрде немесе факсимильдік байланыс арқылы алған ХТЖ растаулары, не болмаса Карта иесінің өтініші жеткілікті болып табылады;

1.14. Жабдық – Кәсіпорынның сауда нүктесінде орнатылған және Банктің АБК-не қосылған аппараттық-бағдарламалық кешен, ол Авторизацияларды жіберу және Авторизациялық сұрауларды алу процестерін автоматтандыру, сондай-ақ төлем құжаттарын ресімдеу арқылы төлем картасын пайдаланып Төлем операцияларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Жабдық Банктің тарапынан Кәсіпорынға ұсынылады немесе Банктің берген ұсынымдарын ескере отырып, Кәсіпорынның өз қаражаты есебінен сатып алынады. Шарт бойынша (жабдықтың болуы және техникалық мүмкіндік болған жағдайда) келесі Жабдық пайдаланылуы мүмкін: SIM-картамен жинақталған GSM-POS терминалы; Smart-терминал, яғни POS-терминал мен кассалық аппараттың функцияларын біріктіретін, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес фискалдық ақпаратты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кірістер комитетіне онлайн режимде беруге арналған электрондық құрылғы;

1.15. Операция – жалпы ұғым, оған Төлем операциясы және Қайтару операциясы кіреді;

1.16. Төлем операциясы – Төлем картасы мен Жабдықты пайдалана отырып, міндетті Авторизациямен жүзеге асырылатын, Карта иесінің тапсырмасы бойынша Банк жүргізетін және Кәсіпорынның сауда нүктесінде Тауарларды/Қызметтерді сатып алу мақсатында орындалатын, сондай-ақ ол бойынша Шот қалыптастырылған операция;

1.17. Қайтару операциясы – бұрын жүзеге асырылған Төлем операциясы бойынша Кәсіпорынның бастамасымен төлем картасын пайдалана отырып, Карта иесінің банк шотына ақшалай қаражатты толық немесе ішінара қайтару кезінде орындалатын есеп айырысу операциясы. Қайтару операциясының сомасы бастапқы Төлем операциясының сомасынан аспауға тиіс;

1.18. Аудару, өтеу – Банк тарапынан Кәсіпорынға әрбір күн үшін аударылуға тиіс ақшалай қаражат сомасы, ол Төлем операцияларының сомасынан Қайтару операцияларының сомасын, Банктің комиссиясын, сондай-ақ Шартта көзделген өзге де төлемдерді шегеру арқылы айқындалады. Банктің комиссия мөлшері Кәсіпорын туралы мәліметтер негізінде Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Банктің өзі белгілейді. Банктің комиссия мөлшері туралы ақпарат Өтініште көрсетіледі және Банктің біржақты тәртіппен өзгертуіне жол берілмейді;

1.19. ПИН-код (ағылш. PIN – personal identification number) – төлем картасына берілген және Жабдықты пайдалана отырып Төлем операциясын жүргізу кезінде Карта иесін сәйкестендіру үшін қажетті дербес сәйкестендіру нөмірі;

1.20. Төлем картасы (Карта) – электрондық төлем құралы, ол Карточка ұстаушыға электрондық терминалдар немесе өзге де байланыс арналары арқылы төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға, қолма-қол ақша алуға, валюта айырбастауға және Банк-эмитент айқындаған шарттарда өзге де операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін ақпаратты қамтиды;

1.21. Сауда және/немесе сервис Кәсіпорны (Кәсіпорын) – заңды тұлға немесе заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, ол Кәсіпорынның сауда нүктесінде Тауарларды сатуды және/немесе Қызметтерді көрсетуді Жабдық арқылы төлем картасымен төлеу жолымен жүзеге асырады;

1.22. Картаның деректемелері – Төлем картасында көрсетілген және/немесе онда сақталатын ақпарат, оған Карточка ұстаушының аты-жөні, Төлем картасының нөмірі, Төлем картасының қолданылу мерзімі кіреді;

1.23. Кәсіпорынның шоты – Шарт шеңберінде Операцияларды жүзеге асыру үшін пайдаланылатын, Кәсіпорынның Банкте немесе Қазақстан Республикасының өзге де екінші деңгейлі банктерінде банктік шот шарты негізінде ашылған және Өтініште көрсетілген ағымдағы шоты;

1.24. Шот– Кәсіпорынның тапсырмасы бойынша Банк-эмитентке жолданатын, карталық базадағы Ағымдағы шоттан Төлем операциясының сомасын аудару туралы Банктің талабы;

1.25. Карталық базадағы ағымдағы шот – Төлем картасын пайдалану арқылы операцияларды орындау үшін Банк-эмитент Карточка ұстаушыға ашатын ағымдағы шот;

1.26. Тауарлар, Қызметтер – Кәсіпорынның сауда нүктесінде Карточка ұстаушыға сатылатын тауарлар және/немесе көрсетілетін қызметтер, олар Шартта белгіленген тәртіпке, сондай-ақ Банк-эмитент пен Карточка ұстаушы арасында жасалған шартта көзделген тәртіпке сәйкес төленеді;

1.27. Сауда нүктесі – Кәсіпорын Тауарларды/Қызметтерді Карточка ұстаушыға Жабдық пен Төлем картасын пайдалану арқылы өткізетін орын немесе үй-жай;

1.28. ХТЖ қатысушылары – Банк және Банк-эмитент;

1.29. Чек – қағаз тасымалдағышта немесе электрондық нысанда жасалатын, екі данадан тұратын (біріншісі – Карточка ұстаушыға, екіншісі – Кәсіпорынға), Карточка ұстаушысы Төлем картасы мен Жабдықты пайдалана отырып Төлем операциясын жасағанын растайтын арнайы құжат. Чекте келесі міндетті деректемелер болуы тиіс:

- Чектің нөмірі, оны ресімдеген күн, ай және жыл;
- Кәсіпорынның сауда нүктесінің толық атауы (сәйкестендіру нөмірі) және мекенжайы;
- Төлем картасының деректемелері (төлем картасының масқаланған нөмірі, Карта иесінің аты-жөні, Төлем картасының қолданылу мерзімі);
- Транзакция сомасы;
- Транзакция валютасы;
- Авторизация коды;
- Кәсіпорынның атауы және БСН;
- Транзакция жүргізілген уақыт;
- Карточка ұстаушының қолы (тек қағаз тасымалдағышта жасалған чекте);
- Кәсіпорынның қолы (тек қағаз тасымалдағышта жасалған күшін жою чегінде).

2. ШАРТТЫҢ МӘНІ

2.1. Осы Шарт Банк пен Кәсіпорын арасындағы Кәсіпорынның Сауда нүктесінде Жабдықты және Төлем карточкасын пайдалана отырып жүзеге асырылатын Операциялар кезінде өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ осы Операциялар бойынша Банк пен Кәсіпорын арасындағы есеп айырысу тәртібін айқындайды.

3. КАРТОЧКАНЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ТӨЛЕМ ОПЕРАЦИЯЛАРЫН ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

3.1. Төлем Операциясын жүзеге асыру үшін Жабдық Нұсқаулыққа сәйкес Төлем карточкасынан Карточка реквизиттерін оқиды. Карточка реквизиттері оқылғаннан кейін Жабдықтың сұрауы бойынша Карточка ұстаушы ПИН-кодты енгізеді.

3.2. Карточка реквизиттері алынған және ПИН-код енгізілген кезде Жабдық Банктің АБК-не келесі қажетті параметрлерді береді: Сауда нүктесінің сәйкестендіру нөмірі, валюта, Төлем Операциясының сомасы, Төлем карточкасының нөмірі, Төлем карточкасының қолданылу мерзімінің аяқталу күні, Карточка ұстаушының аты-жөні, сондай-ақ Банк өзге де параметрлерді сұратуы мүмкін.

3.3. Банк Карточка ұстаушының Карточка реквизиттері туралы ақпараттың қорғалған түрде тек қана Банктің АБК-не берілетініне және ХТЖ-нен басқа Кәсіпорынға немесе үшінші тұлғаларға ұсынылмайтынына кепілдік береді.

3.4. Банктің АБК алынған Төлем карточкасы параметрлерінің форматының дұрыстығын және Сауда нүктесінің (Кәсіпорынның) Банкінің АБК-дегі Сауда нүктесінің (Кәсіпорынның) тіркелуіне сәйкес Төлем Операциясын жүргізу құқығын тексереді, оның ішінде Кәсіпорынның (Сауда нүктесінің) ХТЖ-де бар-жоғын, сондай-ақ Авторизация сұрауының Шарт талаптарына сәйкестігін тексереді.

- 3.5. Банк тексеру немесе аутентификация нәтижесі теріс болған жағдайда Банкінің АБК арқылы Жабдыққа Кәсіпорынға Төлем Операциясын жүзеге асырудан бас тарту туралы хабарлама жібереді.
- 3.6. Сұраудың белгіленген нормативтерге және/немесе аутентификацияға сәйкес барлық тексеру рәсімдерінен сәтті өткен жағдайда, Банктің АБК-нен Авторизацияға сұрау жіберіледі.
- 3.7. Банк тиісті ХТЖ-де белгіленген тәртіпте Авторизацияны жүзеге асырады.
- 3.8. Авторизация нәтижесі теріс болған жағдайда Банк Банктің АБК арқылы Жабдыққа Кәсіпорынға Төлем Операциясын жасаудан бас тарту туралы, бас тарту себептерін көрсете отырып, хабарлама жібереді.
- 3.9. Авторизация нәтижесі оң болған жағдайда Банк Банктің АБК арқылы Жабдыққа Авторизацияның оң нәтижесін растауды жібереді.
- 3.10. Тауарлар және/немесе Қызметтер үшін төлем жасау мақсатында Карточка ұстаушының ақшалай қаражатын есептен шығару автоматты түрде жүзеге асырылады.
- 3.11. Авторизацияның оң нәтижесі расталғаннан кейін Кәсіпорын Карточка ұстаушыға Тауарды береді және/немесе Қызмет көрсетеді.
- 3.12. Өткізілген Тауарлар және/немесе көрсетілген Қызметтер үшін қаражатты аудару Банк тарапынан Шарттың 6-бабына сәйкес Кәсіпорынның Шотына жүзеге асырылады.
- 3.13. Ақшалай қаражатты аудару Банк тарапынан Авторизация сәтті өңделіп, Шот ұсынылғаннан кейін жүзеге асырылады.

4. ТАУАР/ҚЫЗМЕТТІ КӘСІПОРЫНҒА ҚАЙТАРУ ЖӘНЕ ҚАРАЖАТТАРДЫ ҚАЙТАРУ

- 4.1. Карточка ұстаушының (әрі қарай – Сатып алушы) Тауар/Қызметтен бас тартуы: Қызметтен бас тарту/Тауарды қайтару процедурасы Сатып алушының бастамасы бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүргізіледі.
- 4.2. Сатып алушыдан төленген қаражатты Карточка ұстаушының карточкалық базасындағы Ағымдағы шотқа қайтару туралы талап түскеннен кейін және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Кәсіпорын:
- 4.2.1. Өз деректер базасында Тауар/Қызметтің төленгенін тексереді, сондай-ақ оның болдырмау мүмкіндігін растайды;
- 4.2.2. 4.2.1 тармақта көрсетілген тексеру сәтті өткен және Төлем Операциясын болдырмау мүмкіндігі расталған жағдайда, қайтару Операциясын орындауға арналған деректерді қалыптастырады және Жабдық арқылы Банктің АБК-не сұрау жібереді, бастапқы Төлем Операциясының нөмірі (Авторизация коды), сомасы және қайтару Операциясының сомасы көрсетіледі;
- 4.2.3. Банктің АБК Кәсіпорыннан 4.2.2 тармаққа сәйкес алынған деректерді қайтару Операциясын орындау үшін деректер форматының дұрыстығын тексереді, және алынған сұрау белгіленген нормативтерге сәйкес болған жағдайда, қайтару Операциясын өндеген күні сұрау Банк-эмитентке жіберіледі. Карточка ұстаушыға толық қайтару сомасын қамтамасыз ету жауапкершілігі Кәсіпорынға жүктеледі;
- 4.2.4. Банк тарапынан қайтару Операциясының оң нәтижесі расталғаннан кейін Кәсіпорын Жабдық арқылы қаражатты қайтару процедурасын аяқтайды. Егер растау 3 (үш) жұмыс күні ішінде алынбаса, Кәсіпорын Банкке жазбаша сұрау жолдайды.

5. СТАНДАРТТЫ ЕМЕС ЖАҒДАЙЛАРДА ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

- 5.1. Егер Кәсіпорынға Қайтару Операциясын орындау қажет болса, және оны 4-бапта көрсетілген стандартты өзара іс-қимыл тәртібі шеңберінде жүзеге асыру мүмкін болмаса (мысалы, Жабдықтың істен шығуы, қате Операциялардың анықталуы және т.б. жағдайлар), Кәсіпорын Банкке paysys@kzibank.kz электрондық поштасы арқылы мұндай Операцияны өндеуге тапсырма берілген сканерленген хат жібереді.
- 5.2. Банк Кәсіпорыннан алынған сұрауды қарастырады және мүмкіндік болған жағдайда сұралған Қайтару Операциясын орындайды. Мұндай Қайтару Операциясы кейінгі өндеуден стандартты өзара іс-қимыл тәртібі шеңберінде Шарт бойынша жүзеге асырылған барлық Қайтару Операцияларымен бірдей өтеді.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ӨЗАРА ЕСЕП-АЙЫРЫСЫ

6.1. Тараптар арасындағы өзара есеп-айырысу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізіледі. Банк Кәсіпорынға Аударымды Өтініште көрсетілген реквизиттерге сәйкес, Шартта көрсетілген мерзімде, Банктен ұсталған сомаларды (Шарттың 7.2-бабының 1) тармағына сәйкес) шегеріп аударады. Сонымен бірге Банк Қайтару Операцияларын сол күні Кәсіпорынға аударылатын Аударымға есепке алады, яғни бұл Операциялар өңделген күнде есепке алынады.

6.2. Жұмыс күндерінде өңделген Операциялар бойынша Банк Кәсіпорынға Аударымды есептік жұмыс күнінен кейінгі күнге дейін аударады; жұмыс күндері емес уақытта өңделген Операциялар бойынша – есептік жұмыс күнінен кейінгі бірінші жұмыс күніне дейін. Барлық жағдайларда, Шартта реттелмеген мерзімдер үшін Тараптар Аударым мерзімін келісуге құқылы. Егер ХТЖ ережелері және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы мүмкіндік берсе, Банк Аударым мерзімін біржақты өзгерте алады.

6.3. Банктің комиссиялық сыйақысын төлеу Банктен Аударым сомасынан ұстап қалу арқылы жүзеге асырылады. Осылайша, Кәсіпорын Аударым сомасын Банктің комиссиясын шегергеннен кейін алады.

6.4. Төленген Тауарлар/Қызметтер бойынша жартылай немесе толық қаражатты қайтару Қайтару Операциясын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады. Қаржыны Карточка ұстаушыларға қайтару, сондай-ақ басқа жолдармен қолма-қол немесе электрондық түрде өтеу қарастырылмайды. Қайтару Операциясы Кәсіпорынның Банктен Қайтару Операциясының сомасын қайтару міндеттемесінің туындағанын растайды. Бұрын Банктен алынған Төлем Операциясына байланысты комиссия қайтарылмайды.

6.5. Егер Банк Аударымда Қайтару Операциялары сомасын және/немесе Аударымнан Талаптар сомасын ұстамаса, сондай-ақ Шартта көрсетілген негіздер бойынша Кәсіпорынның Банктен туындаған кез келген қарызын есепке алмаса, Банк Кәсіпорынға сәйкес соманы хабарлайды. Кәсіпорын хабарламаны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарламада көрсетілген реквизиттер бойынша Банктен көрсетілген соманы аударады.

6.6. Тараптар Банк тарапынан жазбаша хабарлама жолдауды Аударымды азайту немесе Банктің Кәсіпорынға Қайтару Операциясы сомасын және/немесе Талаптар және/немесе қарыз сомасын аудару үшін жеткілікті негіз деп танығанын қабылдайды. Егер Талап сомасы шетел валютасында көрсетілген болса, төлеу/ұстап қалу Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің сол күнгі бағамы бойынша теңгемен жүзеге асырылады.

6.7. Банк осы Шартқа сәйкес Кәсіпорынға туындаған кез келген қарыз сомасын Банктегі кез келген ашылған банктік шоттан тікелей дебеттік операция арқылы алуға құқылы, Кәсіпорын бұл Шартқа қол қойып, өз келісімін береді. Егер қаражат шотының валютасынан өзгеше валютада алынса, қаражат қарыз валютасына Банкте белгіленген курс бойынша конвертацияланады, және конвертацияға байланысты барлық комиссиялар Кәсіпорынға есептеледі.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7.1. Банк міндеттенеді:

- 1) Авторизация сұрауларын жіберу және Операцияларды орындау мүмкіндігін тәулік бойы қамтамасыз ету, тек Банктің АБК жағында техникалық қызмет көрсету және/немесе баптау жүргізілетін уақыттарды қоспағанда;
- 2) Аударымды Кәсіпорынның Өтініште көрсетілген Шотына, 6-бапта белгіленген тәртіп пен шарттарға сәйкес аудару;
- 3) Операцияларды жүргізуге қатысты Кәсіпорынға барлық қажетті консультациялар беру;
- 4) Кәсіпорынның талабы бойынша, өңделген Операциялар күнінен кейін көрсетілген кезеңге Реестр құру және Кәсіпорынға жіберу;
- 5) Авторизация Операциялары үшін Банктің тікелей бақылауында тұрған техникалық жүйелердің тәулік бойы жұмысын қамтамасыз ету, тек АБК-да техникалық қызмет көрсету және/немесе баптау жүргізілетін уақыттарды қоспағанда;
- 6) Кәсіпорын мен Карточка ұстаушылар арасындағы Операциялар жүргізуге қатысты даулар мен конфликттік жағдайларды шешуге қатысу;

- 7) Кәсіпорынның Операциялары және Карточка ұстаушылардың жеке деректері туралы ақпаратты құпия сақтау және үшінші тұлғаларға жарияламау, тек Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы және ХТЖ ережелерінде қарастырылған жағдайларды қоспағанда;
- 8) Шартқа Банктің және Кәсіпорынның қол қойған күннен бастап 20 (Жиырма) жұмыс күні ішінде, Тараптар келісетін шарттар бойынша қажетті Нұсқаулармен бірге Жабдықты жеткізу, Жабдықты қабылдау-тапсыру актісіне сәйкес;
- 9) Кәсіпорын персоналын Жабдықты пайдалану ережелеріне, Төлем Операцияларын жүргізу және рәсімдеу тәртібіне, Карточка ұстаушыларға қызмет көрсету тәртібіне оқыту;
- 10) Шартқа Тараптар қол қойған күннен бастап 20 (Жиырма) жұмыс күні ішінде Кәсіпорынның Сауда нүктесіне идентификациялық нөмір беру және оны Нұсқауға сәйкес Кәсіпорынға ұсыну;
- 11) Қажет болған жағдайда Жабдықтың бағдарламалық қамтамасыз етуін техникалық қайта жабдықтау және жетілдіру жұмыстарын жүргізу.

7.2. Банк құқылы:

- 1) Шарттың 8.1-тармағына сәйкес жарамсыз деп танылған Операциялар бойынша Кәсіпорынға Аударымды аудармауға немесе кейінгі Аударымдардан ұстап қалуға. Бұл ретте Кәсіпорынның пайдасына ақшалай қаражатты есепке алу/аудару Операциялардың жарамдылығын сөзсіз мойындау болып табылмайды;
- 2) Кәсіпорыннан келесі ақпаратты алуға (сұратуға):
 - Сауда нүктелерінде сатылатын және сатылған Тауарлар/Қызметтер туралы;
 - жасалған Операциялар туралы, оның ішінде Карточка ұстаушыға Тауарды сату/Қызмет көрсету фактісін растайтын құжаттар туралы, егер мұндай құжаттар Банктен алаяқтық Операцияларды тергеу және алдын алу, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, ХТЖ немесе құқық қорғау/сот органдарына сұрауларға жауап дайындау үшін, сондай-ақ қолданыстағы заңнамада және/немесе ХТЖ ережелерінде көзделген өзге де жағдайларда қажет болған жағдайда;
 - Кәсіпорында сатылатын Тауарлар/Қызметтерге лицензиялар/рұқсаттар бар екендігі туралы (егер мұндай лицензиялар/рұқсаттар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес Кәсіпорында болуы тиіс болса).
- 3) Банкте ашылған банктік шоттағы төмендетілмейтін қалдықтың ең төменгі мөлшерін сақтау туралы Кәсіпорынға талап қоюға;
- 4) төмендегі жағдайларда Авторизация сұрауларын жіберу мүмкіндігін тоқтатуға:
 - Кәсіпорынның Шартты және/немесе ХТЖ ережелерін бұза отырып Операциялар жүргізуі кезінде;
 - Банктің мониторинг жүйесі күмәнді деп таныған Операциялар және/немесе Авторизация сұраулары болған жағдайда;
 - Шарт шеңберінде Кәсіпорынның жалған (дұрыс емес) ақпарат ұсынғаны анықталған кезде;
 - Кәсіпорынның Банктің қаржылық және/немесе іскерлік беделіне зиян келтіруі мүмкін қызмет түрлерін жүзеге асыруы кезінде, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған Тауарларды сатуы жағдайында;
 - осы Кәсіпорын үшін әдеттен тыс Төлем Операциялары санының төмендеуі/артуы немесе Қайтару Операциялары санының артуы байқалған жағдайда;
 - Банктің Кәсіпорын тарапынан Қайтару Операциясын жүргізуден заңсыз бас тарту фактілерін анықтауы кезінде;
 - Кәсіпорынның Алаяқтық Операцияларды жасауы және/немесе Кәсіпорынның және/немесе оның қызметкерлерінің, оның ішінде Карточка ұстаушылардың алаяқтық немесе өзге де заңсыз қызметке қатысуы анықталған кезде;
 - Кәсіпорынның Шарттың 7.3-бабының 43) тармақшасының талаптарын бұзуы кезінде;
 - Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-

қимыл туралы заңнамасына сәйкес алаяқтықпен және күмәнді қызметпен/операциялармен байланысты тәуекелдерді Банктің анықтауы кезінде;

- 5) төмендегі жағдайларда Операциялар бойынша есеп айырысуды (Өтемақыны) жүзеге асыру мүмкіндігін тоқтатуға:
 - Карточка ұстаушы Төлем Операциясын жасағанын жоққа шығарған жағдайда;
 - бұрын жүргізілген Төлем Операциясы бойынша Карточка ұстаушының банктік шотынан ақшалай қаражат заңсыз есептен шығарылған жағдайда;
- 6) Шартқа байланысты Банкке белгілі болған Кәсіпорынға қатысты ақпаратты (оның ішінде мынадай деректемелерді қоса алғанда: Кәсіпорынның атауы, БСН, Кәсіпорынның (Сауда нүктесінің) атауы, заңды/пошталық мекенжайы, телефон/факс нөмірі, электрондық пошта/сайт мекенжайы, Интернет желісіндегі бірегей мекенжайы (URL), банктік реквизиттері және т.б.) Операциялар жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету және алаяқтықтың алдын алу жөніндегі ХТЖ бағдарламаларында және ХТЖ-ның өзге де бағдарламаларында пайдалану мақсатында, сондай-ақ Карточка ұстаушылардың тапсырмасы бойынша Операцияларды жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін тәулік бойғы ақпараттық-технологиялық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету және даулы (опротестованған) Операциялар бойынша дауларды реттеу мақсатында ХТЖ-ға және өзге де үшінші тұлғаларға ұсынуға;
- 7) ХТЖ ережелеріне сәйкес және солардың негізінде Кәсіпорынды (Сауда нүктесін) тіркеуден себептерін түсіндірместен бас тартуға немесе бұрын тіркелген Кәсіпорынға (Сауда нүктесіне) қызмет көрсетуді тоқтатуға;
- 8) Кәсіпорыннан Банк ұсынатын Нұсқауларды мүлтіксіз сақтауды талап етуге;
- 9) Кәсіпорынның осы Шарт талаптарын сақтауын тексеруге;
- 10) транзакциялардың сомасы және/немесе саны бойынша лимиттерді (бұдан әрі – Лимиттер) белгілеуге және өзгертуге;
- 11) Операция параметрлері белгіленген Лимиттерден асқан жағдайда Операцияны жүзеге асырудан бас тартуға;
- 12) Операцияларды жүргізуден бас тартуға, іскерлік қатынастар Кәсіпорын тарапынан қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында пайдаланылып отыр деген күдік болған жағдайда Операцияларды жүргізуден бас тартуға, сондай-ақ Кәсіпорынмен іскерлік қатынастарды тоқтатуға;
- 13) Нұсқауда белгіленген Жабдықта ауысымды жабу ережелерін (Шарттың 7.3-бабының 14) тармақшасы) Кәсіпорын бұзған жағдайда, Төлем Операциялары бойынша Кәсіпорынның Шотына ақшалай қаражат аудармауға не Аударымнан ұстап қалуға/Кәсіпорынның банктік Шотынан тікелей дебеттеу жолымен ақшалай қаражатты алып қоюға;
- 14) төмендегі жағдайларда Чекті жарамсыз деп тануға:
 - Төлем Операциясы Шарттың, Қазақстан Республикасының заңнамасының, ХТЖ ережелерінің талаптарын бұза отырып жасалған болса;
 - Чектегі Карточка ұстаушының қолы Төлем карточкасындағы қолтаңбамен сәйкес келмесе;
 - Чектердің даналары (Кәсіпорын үшін және Карточка ұстаушы үшін) бір-біріне сәйкес келмесе немесе Банкте белгіленген нысанға сәйкес келмесе;
 - Чектегі ақпарат Төлем карточкасының реквизиттеріне сәйкес келмесе;
- 15) Жабдықты пайдалана отырып Төлем Операциялары 3 (үш) қатарынан кез келген күнгізбелік ай ішінде жүргізілмеген жағдайда, Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуға немесе (егер Жабдық Банктен Кәсіпорынға берілген болса) Кәсіпорыннан Жабдықты қайтаруды талап етуге;
- 16) Банктің пікірі бойынша мақсатқа сай болған жағдайда, өз жарияланымдарында және жарнамалық материалдарында Кәсіпорынның атауын (заңды және сауда атауы), сауда белгісін/логотипін, сондай-ақ клиенттермен байланысуға арналған байланыс деректерін (телефондар, мекенжайлар, оның ішінде веб-сайт мекенжайларын) пайдалануға. Шартқа қосыла отырып, Кәсіпорын өз уәкілетті тұлғалары арқылы Банктің Кәсіпорынның (Сауда нүктесінің) атауын/сауда белгісін/логотипін/байланыс деректерін өз жарияланымдары мен жарнамалық материалдарында пайдалануына ресми жазбаша келісім береді;

- 17) Төлем карточкаларына қызмет көрсететін Кәсіпорынның тиісті Сауда нүктелерінде Кәсіпорын персоналының Шарт пен Нұсқаулар талаптарын сақтауын тексеруге;
- 18) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін Кәсіпорыннан қажетті ақпаратты алуға;
- 19) Жабдықтың үшінші тұлғаларға берілгені және Операцияларды үшінші тұлғалар жүргізгені анықталған жағдайда, қалыптасқан жағдай толық реттелгенге дейін Кәсіпорынның Шотына ақшалай қаражат аудармауға;
- 20) Жабдықтың бағдарламалық қамтамасыз етуін жоспарлы түрде жаңартуды жүргізуге;
- 21) Тараптардың уәкілетті қызметкерлері қол қойған қабылдау-тапсыру актісінің негізінде Жабдықты өз қалауы бойынша алып қоюға немесе ауыстыруға;
- 22) Жабдықтың бүлінуі/сынуы немесе жоғалуы үшін Банктен келген залал мөлшерінде Кәсіпорынға шот ұсынуға;
- 23) клиенттердің өтініші бойынша немесе Банктің бастамасы бойынша тексерулер мен ішкі тергеп-тексерулер жүргізу кезінде Кәсіпорыннан қосымша ақпаратты/құжаттарды, фото/видео материалдарды сұратуға.

7.3. Кәсіпорын міндеттенеді:

- 1) Тауарларды/Қызметтерді өткізу орындарында Кәсіпорын қызмет көрсететін ХТЖ логотиптері бар жапсырмаларды, сондай-ақ Банктің жарнамалық материалдарын орналастыруға;
- 2) Банкте ағымдағы шот ашуға және Шарт бойынша өзіне қабылдаған барлық міндеттемелер толық орындалғанға дейін оны жаппауға;
- 3) Аталған Операция бойынша Банктен Авторизация коды алынғанына қарамастан, Карточка ұстаушының немесе ХТЖ-ның Банктің пайдасына төлем жасаудан бас тартуы жағдайында, Кәсіпорында жүзеге асырылған Операциялар сомасын Банкке қайтаруға;
- 4) Төлем Операциясының күмәнділігі туындаған жағдайда Карточка ұстаушыдан жеке басын куәландыратын құжатты талап етуге, сондай-ақ Төлем карточкадағы қолтаңбаны ұсынылған құжаттағы қолтаңбамен салыстыруға, бұл ретте Төлем карточкасын пайдалана отырып төлемдер жүзеге асырылған кезде жеке басын куәландыратын құжатты көрсету шарттары туралы Карточка ұстаушыларды өз қызметін жүзеге асыру орнында тиісті ақпаратты орналастыру арқылы алдын ала хабардар етуге;
- 5) Төлем карточкаларды төлемге қабылдау кезінде Кәсіпорында Тауарларды/Қызметтерді төлеудің өзге тәсілдері үшін белгіленген шарттардан өзгеше қандай да бір шектеулерді, талаптарды немесе жағдайларды белгілеуге (мысалы, Банктің комиссиялық сыйақысын өтеу мақсатында Тауарлардың/Қызметтердің құнын негізсіз арттырмауға, Кәсіпорын ұсынатын қолданыстағы жеңілдіктерді беруден бас тартпауға және т.б.);
- 6) бір рет сатып алынған Тауарлардың/бір рет көрсетілген Қызметтердің жалпы сомасына Төлем Операциясын жүргізуге және Төлем Операциясының сомасын екі немесе одан да көп бөлікке бөліп, екі немесе одан да көп Чек ресімдеуге (авиабилеттерді төлеу бойынша Төлем Операцияларын қоспағанда);
- 7) Кәсіпорында сатып алынған Тауарларды немесе Қызметтерді төлеуден өзге мақсаттарда Төлем Операцияларын жүргізбеуге (мысалы, кез келген түрдегі залалды немесе айыппұл санкцияларын төлеу немесе өтеу үшін; Карточка ұстаушының келісімінсіз Төлем Операцияларын жүргізу; үшінші тұлғалар өткізетін Тауарларды/Қызметтерді төлеу үшін Төлем Операцияларын жүргізу және т.б.), сондай-ақ Төлем карточкаларды Тауарларды/Қызметтерді төлеуден өзге мақсаттарда пайдаланбауға (мысалы, Төлем карточканы кепіл ретінде, Карточка ұстаушының жасын анықтау құралы ретінде және т.б.);
- 8) Төлем Операциясын жүргізу кезінде, сондай-ақ Тауарды қайтару/Қызметтен бас тарту кезінде қолма-қол ақша бермеуге;
- 9) Карточка деректерін ешқандай түрде/қалыпта сақтамауға, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, толық Төлем карточкасының нөмірін, қауіпсіздік кодтарын және Кәсіпорынға Карточка ұстаушыдан Тауар сатылуы/Қызмет көрсетілуі кезінде белгілі болған басқа деректерді;
- 10) Төлем Операциясын жүргізу кезінде Карточка ұстаушыдан PIN-кодын ашуды талап етпеуге;
- 11) егер Транзакция қате болса, оны қайтару Транзакциясын Транзакция өткізілген күннен бастап 30 (отыз) күнгізбелік күннен кешіктірмей жүргізуге;

- 12) Төлем карточкасын пайдалана отырып Төлем Операциясын жүргізу үшін Банктен берілген Жабдықты Шартқа сәйкес пайдалануға;
 - 13) Төлем Операциясын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы мәмілелерді төлеу мақсатында және басқа да мәмілелерді төлеу мақсатында жүргізбеуге;
 - 14) Жабдықта кезекті ауысымды Нұсқаулықтарға сәйкес күнделікті жабуға, ал өткен тәулікте Кәсіпорында Төлем Операциялары жүргізілмеген жағдайда осы ережеден бас тартуға;
 - 15) Жабдықтың бағдарламалық қамтамасыз етілуіне және техникалық параметрлеріне ешқандай өзгерістер енгізбеуге;
 - 16) Төлем карточкалары бойынша Операцияларды жүргізу процедурасына қатысты Нұсқаулықтар мен Банктің басқа да ережелерін шартсыз орындауға. Кәсіпорынның Нұсқаулықтармен танысуы Тараптардың уәкілетті тұлғаларының Қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюымен расталады;
 - 17) Бағдарламалық қамтамасыз ету ақауы салдарынан Жабдық істен шыққан жағдайда, келесі жұмыс күнінен кешіктірмей Банкті хабардар етуге;
 - 18) Банктен Жабдықты Акт бойынша қабылдап, оны Нұсқаулыққа сәйкес тікелей мақсаты бойынша тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге және Жабдықтың болуы, сақталуы, толықтығы үшін жауапкершілікке ие болуға;
 - 19) Банктен алынған Жабдықты және/немесе Шығын материалдарын үшінші тұлғаларға бермеуге және пайдалануға ұсынбауға;
 - 20) Жабдықты тәртіпте және жұмыс қабілеттілігінде ұстауға;
 - 21) Жабдық істен шыққан жағдайда, зауыт-өндірушінің ақауы немесе өндірістік кемшілігі салдарынан болған жағдайларды қоспағанда, Банктің жөндеу құнын төлегенін растайтын құжаттарды ұсынуы негізінде, аталған құжаттар Банкпен ұсынылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Жабдықты жөндеу құнын Банкке өтеуге;
 - 22) Жабдық жоғалған және/немесе бүлінген/жарамсыз күйге келтірілген жағдайда, Қабылдау-тапсыру актісінде көрсетілген Жабдықтың құны мөлшерінде, Банк тиісті шот ұсынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Жабдықтың құнын Банкке өтеуге;
 - 23) Шарт тоқтатылған күнге дейін кемінде 7 (жеті) күнтізбелік күн бұрын Жабдықты қалыпты тозуын ескере отырып, жарамды әрі тиісті күйде Қабылдау-тапсыру актісі бойынша Банкке қайтаруға;
 - 24) тек Банктен алынған және/немесе Банк мақұлдаған Жабдықты және Шығын материалдарын ғана пайдалануға;
 - 25) Жабдықты алу/қайтару кезінде уәкілетті мемлекеттік органда Жабдықты есепке қоюды/есептен шығаруды дербес жүзеге асыруға;
 - 26) Жабдықты тек Операцияларды жүргізу мақсатында пайдалануды қамтамасыз етуге;
 - 27) Шарттың ережелерін сақтауға, сондай-ақ онда көзделген талаптарды орындауға;
 - 28) Операция жасалған күннен бастап 1 (бір) жыл бойы төменде көрсетілген ақпаратты (құжаттарды) сақтауға және Банктің жазбаша сұрау салуы бойынша, көрсетілген сұрау салу алынған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банкке ұсынуға:
 - Төлем Операциясы жасалған күн, Тауарды жөнелту (тапсыру) күні немесе Қызметті Карточка ұстаушыға көрсету күні;
 - Сатып алушы сатып алған Тауарлардың (Қызметтердің) сипаттамасы;
 - Карточка ұстаушы көрсеткен жеткізу мекенжайы және Тауарды/Қызметті алушының Т.А.Ә.;
 - егер Транзакция Тауарды бөлек жеткізу үшін жүргізілген болса, Транзакцияның бастапқы сомасы;
 - Авторизация коды;
 - Чектің көшірмесі;
 - Карточка ұстаушының Тауарларды алғанын (Қызметтердің көрсетілгенін) растайтын жөнелту, алу (көрсету) фактісін растайтын құжаттардың көшірмелері.
- Банктің талабы бойынша көрсетілген мерзімдерде құжаттардың ұсынылмауы Банктің Кәсіпорынға, Банк Кәсіпорынға сұрау салу жасаған Операциялар бойынша сомаларды өтеу туралы талап қоюына негіз болып табылады.
- 29) Шарт жасасу мақсатында Кәсіпорын Банкке келесі құжаттар мен ақпаратты ұсынуға міндеттенеді:
 - Өтініш;

- Өтінім;
 - кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат (жеке кәсіпкерлер үшін);
 - тіркелген заңды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы анықтама (заңды тұлғалар үшін);
 - Кәсіпорынның жеке-дара атқарушы органының жеке басын куәландыратын құжат (заңды тұлға үшін);
 - Кәсіпорынның бенефициарлық меншік иелерінің тізімі (заңды тұлғалар үшін);
 - Кәсіпорын атынан құжаттарға қол қоюға уәкілетті тұлғаның қолтаңба үлгілері бар карточка және Кәсіпорын мөрінің бедері (бар болған жағдайда);
 - Банктің талабы бойынша өзге де құжаттар мен ақпарат;
- 30) Төлем карточкасын пайдалана отырып жасалатын Төлем Операциялары бойынша Авторизация сұрауларын үшінші тұлғалардан (оның ішінде басқа ұйымдардан және олардың қызметкерлерінен, сондай-ақ жеке тұлғалардан) Кәсіпорын атынан Банкке беру үшін қабылдамауға.
 - 31) Шарт мақсаттары үшін өзара іс-қимылды жүзеге асыруға қажетті ақпаратты Банкке ұсынуға, сондай-ақ Кәсіпорынның банктік реквизиттеріне қатысты барлық өзгерістер туралы Банкке жазбаша түрде дереу хабарлауға;
 - 32) Кәсіпорын қызметінің түріне қатысты барлық өзгерістер туралы Банкке жазбаша түрде дереу хабарлауға;
 - 33) Кәсіпорын алған Аударым бойынша кез келген қате туралы Аударым алынған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Банкке жазбаша түрде хабарлауға. Көрсетілген мерзім өткеннен кейін алынған Аударым сомасына қатысты Кәсіпорынның талаптары қаралмайды;
 - 34) Сауда нүктесінде орын алған Төлем карточкасы деректерінің бұзылуы туралы Кәсіпорынға белгілі болған барлық фактілер жөнінде Банкке дереу хабарлауға;
 - 35) Шарттың 8.1-тармағына сәйкес жарамсыз деп танылған Төлем Операциялары бойынша Банктен есептен шығарылған ақшалай қаражатты Банкке өтеуге;
 - 36) алаяқтыққа қарсы іс-қимыл шараларын қолдануға және Банк-эмитент алаяқтық деп мәлімдеген Төлем карточкасын пайдалана отырып жасалған Төлем Операцияларының үлесіне жол бермеуге;
 - 37) Шартты орындау нәтижесінде белгілі болған Карточка ұстаушы туралы ақпаратты үшінші тұлғаларға бермеуге және жария етпеуге;
 - 38) Шарттың 6-бабына сәйкес Банктің комиссиялық сыйақысын төлеуге;
 - 39) Банкке зиян келтіру мүмкіндігінің алдын алу мақсатында, Кәсіпорынға қатысты уәкілетті органдар шектеу сипатындағы шешімдер/әрекеттер қабылдағаны туралы, төмендегілерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Банкке 1 (бір) Банктік күн ішінде жазбаша түрде хабарлауға, мысалы:
 - Кәсіпорынды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру немесе тарату;
 - Кәсіпорынның ақшалай қаражатына және/немесе өзге мүлкіне тыйым салу (қамау);
 - Кәсіпорынның кез келген банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтату;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де шешімдер немесе әрекеттер;
 - 40) Банктің алдын ала жазбаша келісімінсіз комиссиялар мөлшерін, сондай-ақ Карточка ұстаушылар жүргізген Операциялар туралы ақпаратты жария етпеуге;
 - 41) төмен сапалы және/немесе толық емес Тауарды, не мәлімделген сипаттамаларға немесе сипаттамаға сәйкес келмейтін Тауарды алудан Карточка ұстаушы бас тартқан жағдайда, сондай-ақ Тауар белгіленген мерзімде жеткізілмеген кезде, қайтарылған Тауар үшін төленген ақшалай қаражатты қайтару жөніндегі Карточка ұстаушының талаптарын Банкті қайтару рәсіміне тартпай, өз бетінше қарауға және реттеуге, егер Тараптардың келісімімен өзгеше көзделмесе;
 - 42) Төлем Операциясының жасалғанын растайтын Чектің данасын сақтау қажеттілігі туралы Карточка ұстаушыларды хабардар етуге;
 - 43) алаяқтыққа қарсы іс-қимыл шараларын қолдануға және Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес ықтимал алаяқтық фактілері немесе клиенттің күмәнді қызметі туралы **claim@kzibank.kz** электрондық пошта мекенжайына жазбаша түрде немесе ауызша түрде Банкті хабардар етуге.

7.4. Кәсіпорын құқылы:

- 1) Шартта белгіленген мерзімдерде, Банктің Шарттың 7.2-бабының 1) тармақшасына сәйкес ұсталған сомаларын шегере отырып, Банктен Аударымды талап етуге;
- 2) Жабдықты Банктің АБК-на қосу тәртібі, сондай-ақ Операцияларды жүргізу тәртібі бойынша Банктен консультациялар алуға;
- 3) Карточка ұстаушыларға қызмет көрсету мүмкіндігіне өз жарнамалық материалдарында сілтеме жасауға;
- 4) Банктен өз міндеттемелерін тиісінше орындауын талап етуге;
- 5) Жүргізілген Операциялар бойынша Тізілімдерді Банктен алуға.

8. ЖАРАМСЫЗ ОПЕРАЦИЯЛАР

8.1. Операция жарамсыз деп танылады және ол бойынша Банк Өтемақы жүргізбейді, егер:

- 8.1.1. ХТЖ арқылы Банк-эмитент немесе Банк арқылы Карточка ұстаушы даулаған Төлем Операциясы бойынша Кәсіпорын ХТЖ ережелері немесе Банктің талаптары тұрғысынан Кәсіпорынның құқықтылығын растайтын құжаттарды, оның ішінде Чекті, ұсына алмаса;
- 8.1.2. Төлем Операциясын жүргізу кезінде Кәсіпорын Банктен Авторизация кодын алмаған болса;
- 8.1.3. Карточка ұстаушыға берілген Чектің көшірмесінде көрсетілген Операция туралы мәліметтер Кәсіпорын Банкке ұсынған Операция деректеріне сәйкес келмесе;
- 8.1.4. Операция Банк-эмитент, өзге банк (1.13-тармақта көрсетілген Талаптарға сәйкес) және/немесе ХТЖ тарапынан алаяқтық (жарамсыз) деп танылса;
- 8.1.5. Төлем Операциясының жүргізілуі нәтижесінде Карточка ұстаушыға Тауардың/Қызметтің ұсынылғанын (көрсетілгенін) растайтын құжат Кәсіпорында болмаса;
- 8.1.6. Төлем Операциясы бойынша Кәсіпорын қызметкерлері тарапынан заңсыз әрекеттердің жасалғаны анықталса;
- 8.1.7. Төлем Операциясын жүргізу кезінде Карточка деректемелерін пайдалана отырып Карточка ұстаушы төлеген Тауардың/Қызметтің құны қолма-қол ақшамен төленген кездегі Тауардың/Қызметтің құнынан жоғары болса;
- 8.1.8. Операция үшінші тұлғалар тарапынан Жабдық арқылы жасалған болса;
- 8.1.9. Кәсіпорынның Алаяқтық Операцияларды жасауы және/немесе Кәсіпорынның және/немесе оның қызметкерлерінің, оның ішінде Карточка ұстаушылардың алаяқтық немесе өзге де заңсыз қызметке қатысуы анықталса.

8.2. Операция жарамсыз деп танылады және ол бойынша Банк Авторизация сұрауларын жібермейді, егер:

- 8.2.1. Операция ХТЖ-ға тиесілі Төлем карточкасынан өзге кез келген басқа Төлем карточкасының Карточка деректемелерін пайдалана отырып жасалса;
- 8.2.2. Операция Шарттың ережелерін және/немесе ХТЖ қағидаларын бұза отырып жасалса;
- 8.2.3. Операция жасалған күні Төлем карточкасының қолданылу мерзімі өтіп кеткен болса;
- 8.2.4. Операциялар және/немесе Авторизация сұраулары Банктің мониторинг жүйесімен күмәнді деп танылса;
- 8.2.5. Төлем Операциясы бойынша Банк-эмитент және/немесе ХТЖ Операциялар жүргізуге тыйым салған Төлем карточкасының деректемелері пайдаланылса;
- 8.2.6. Операциялар Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ ХТЖ қағидаларына сәйкес құқыққа қайшы жасалған немесе Алаяқтық Операциялар деп танылып, қандай да бір даулар мен келіспеушіліктердің нысанасына айналса.

9. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 9.1. Тараптар осы Шартқа сәйкес және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өз міндеттерін орындамау немесе дұрыс орындамау үшін жауапты болады.
- 9.2. Егер қаражат Кәсіпорын шотына кеш аударылса, және бұл кешігу техникалық құралдардың істен шығуы, бағдарламалық қамтамасыз етудегі ақаулар, энергиямен жабдықтау немесе деректерді беру жүйелеріндегі ақаулар сияқты Банктің тікелей бақылауында жоқ жағдайларға байланысты болса, Банк жауап бермейді.
- 9.4. Банк қаражаттың Кәсіпорын шотына түспегені үшін жауап бермейді, егер бұл төлем қаражатты Карточка ұстаушының Төлем карточкасына сәтті авторизацияланғаннан кейін блокталуы, жоғалуы, алынуы немесе шоттың жабылуы/операциялардың шектелуі сияқты жағдайларға байланысты болса.

- 9.5. Егер Кәсіпорын қызметкерлерінің әрекеті немесе әрекетсіздігі Банкке материалдық залал (зиян) келтіруге әкеп соқтырған жағдайда, Кәсіпорын Банкке келтірілген залалды (зиянды) өтейді, оның сомасы Банк қойған жазбаша шағымда көрсетіледі. Банк шағым реттелгенге дейін осы Шарт бойынша есеп айырысуды тоқтата тұруға құқылы.
- 9.6. Алаяқтық операцияларды жүзеге асырған жағдайда Кәсіпорын Банктен келтірілген зиянды (соның ішінде ХТЖ арқылы Банктен түскен Банк-эмитенттердің талаптарын немесе тікелей Банктен қойылған талаптарды) толық көлемде өтеуге міндетті.
- 9.7. Шарт бойынша өз міндеттерін орындамаған тарап дереу сол бұзушылықтарды жоюы керек.
- 9.8. Кәсіпорын Банктен келтірілген барлық айыппұлдар, салықтар және өсімпұлдар бойынша толық өтемақы төлеуге міндетті, егер олар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, ХТЖ, сот/құқық қорғау органдары және/немесе басқа уәкілетті органдар тарапынан Кәсіпорынның осы Шарт талаптарын және Төлем операцияларын жүзеге асыру ережелерін бұзуы салдарынан салынған болса. Бұл Шарт және ХТЖ ережелерінде көрсетілген Төлем карточкаларын электрондық төлем құралы ретінде пайдалану ережелеріне қатысты.
- 9.9. Кәсіпорынға қаражаттың Кәсіпорын шотына уақытында аударылмауынан келтірілген шығындарды Банк өтеуге міндетті емес.
- 9.10. Банк жауапты емес:
- Кәсіпорын мен Карточка ұстаушы арасындағы, осы Шартқа қатысты емес даулар мен келіспеушіліктер үшін;
 - Шартты дұрыс орындамау/мүлдем орындамау үшін, егер ол Кәсіпорынның Жабдық істен шыққанын дер кезінде хабарламауынан туындаса;
 - Сауда/сервис Кәсіпорнында орнатылған Жабдықты/телекоммуникация құралдарын ажыратқаны үшін.

10. ТАЛАП ҚОЮ ЖҰМЫСЫН ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ:

10.1. Бұл тәртіп Банктің және Кәсіпорынның өзара әрекеттесуін келесі жағдайларда сипаттайды:

- ХТЖ арқылы Банк-эмитенттен Операцияға шағым түскен кезде;
- Банктен шығарылған Төлем карточкасының ұстаушысынан Операция бойынша шағым түскен кезде.

10.2. Операциялар бойынша құжаттарды сақтау және ұсыну

10.2.1. Кәсіпорын Операциялар бойынша барлық құжаттарды Операция жасалған күннен бастап 1-ші жыл ішінде сақтауға міндетті.

10.2.2. Банк Кәсіпорыннан Операция бойынша құжаттарға Банк шығарған Карточка ұстаушының шағымы түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде сұрау салады. Құжаттарды сұратумен бірге Банк Кәсіпорынға Карточка ұстаушының келіп түскен шағымының себебі туралы хабарлайды.

10.2.3. Банктің талабы бойынша Кәсіпорын операцияның дұрыс орындалуын, Карточка ұстаушының Операцияны жасауға қатысуын, сондай-ақ ХТЖ ережелеріне сәйкес тауар/қызмет көрсетуді растау үшін қажетті Операция бойынша құжаттарды ұсынады.

10.2.4. Банк шығарған Карточка ұстаушының шағымы түскен кезде Кәсіпорынның Банкке құжаттарды ұсыну мерзімі Банк сұрау салуды жіберген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнін құрайды.

10.2.5. Егер Кәсіпорын Карта ұстаушының/Банк-эмитенттің талаптарын негізді деп таныса, онда Кәсіпорын өзінің шешімі туралы Банкті дереу хабардар етуге міндетті.

10.5. Банк шығарған Карточка ұстаушының шағымы түскен кездегі өзара есеп айырысулар

10.5.1. Банк шығарған Карточка ұстаушының шағымы түскен кезде Банк Кәсіпорынды өтеуден ұстап қалуды жүргізбейді, алайда тергеп-тексеру нәтижелері бойынша ұстап қалуды жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

10.5.2. Банк Операцияны жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдаған кезде, тергеп-тексеру нәтижелері бойынша немесе Кәсіпорын Карточка ұстаушыға Банк шығарған Операция сомасын/бір бөлігін өтеу туралы шешім қабылдаған кезде Банк жүргізген тергеп-тексеру аяқталған күннен бастап 10-жұмыс күнінен кешіктірмей Кәсіпорыннан жасалған Шартта көзделген тәртіппен Операция сомасын/бір бөлігін ұстайды.

10.6. Банк санкциялануы Банкте күдік туғызатын Төлем операцияларын анықтаған жағдайда, Банк Кәсіпорынның шотына осындай Төлем операциялары бойынша ақшаны есептеуді тоқтата тұруға құқылы. Ақшаны есептеуді тоқтата тұру Төлем операциясының санкциялануын тексеру мерзіміне, бірақ Төлем операциясы жасалған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімге жүзеге асырылады.

10.7. ХТЖ Төлем операциясының санкцияланбағанын мойындаған жағдайда, ХТЖ Банкіне Санкциялар тағайындалғанға дейін Банк Кәсіпорынның осы бапта көзделген міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында санкцияланбаған Төлем операцияларының сомаларын өтеуден ұстап қалуды жүзеге асыруға құқылы.

Шарттың осы тармағына сәйкес Банк ұстап қалған Төлем операцияларының сомалары Төлем операциялары бойынша Санкциялар тағайындау үшін ХТЖ талаптарында көзделген мерзімдер ішінде Банктің шоттарында ескеріледі.

Егер Төлем операциялары бойынша Санкциялар тағайындау үшін ХТЖ талаптарында көзделген мерзімдер өткенге дейін мұндай санкциялар тағайындалатын болса, Банк Шарттың осы тармағына сәйкес Кәсіпорыннан ұсталған ақша есебінен рұқсатсыз Төлем операцияларының сомасын ХТЖ-ға өтейді және Шартқа сәйкес өзінің өзге де құқықтары мен міндеттерін іске асырады.

Егер Төлем операциялары бойынша Санкциялар тағайындау үшін ХТЖ талаптарында көзделген мерзімдер өткеннен кейін Банкке мұндай санкциялар тағайындалмаса не егер ХТЖ Төлем операцияларының санкцияланғанын, Шарттың осы тармағына сәйкес Банк ұстап қалған ақша сомасын мойындаса, Банк Кәсіпорынның шотына немесе оның басқа ағымдағы шотына қайтаруға міндеттенеді.

10.8. Осы арқылы Тараптар тауарларға және/немесе қызметтерге ақы төлеуге байланысты туындаған даулы жағдайлар бойынша Кәсіпорынның кінәсінен Банк шеккен барлық шығыстар, оның ішінде айыппұлдар мен өсімпұлдар Кәсіпорын есебінен жүзеге асырылатынына уағдаласты.

11. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

11.1. Шарттың орындалуына байланысты Тараптар бір-біріне беретін ақпарат қатаң құпия болып табылады және Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз жария етілмейді.

11.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тараптардан құпия ақпаратқа қатысты ақпаратты ұсынуды талап етуге уәкілеттік берілген құзыретті мемлекеттік органдардың сұрау салулары бойынша мұндай ақпаратты беру құпия ақпаратты жария ету болып табылмайды.

11.3. Кәсіпорын Карточка ұстаушылар туралы ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету үшін ақпаратты қорғаудың салалық стандарттарын сақтауға, сондай-ақ оның қызметкерлерінің, агенттерінің, өкілдерінің, мердігерлерінің және кәсіпорын Шартқа сәйкес Карточка ұстаушылар туралы ақпаратқа қол жеткізе алатын кез келген басқа тұлғаның сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Кәсіпорын келесі стандарттарды сақтауға міндетті:

11.3.1. Карточка ұстаушылар туралы ақпаратқа тек олардың қызметтік міндеттерін орындау үшін қажет адамдар тобымен қол жеткізуді шектеу.

11.3.2. Карточка ұстаушылар туралы ақпаратқа компьютерлік қол жетімділігі бар әрбір адамға бірегей идентификатор тағайындау.

11.3.3. Карточка ұстаушылар туралы ақпаратқа физикалық қол жетімділікті шектеу.

11.4. Кәсіпорын Банкке Карточка ұстаушылар туралы ақпараттың құпиялылық режимін бұзғаны туралы белгілі болған немесе Кәсіпорында мұндай бұзушылықты болжауға негіз болған жағдайлар туралы дереу хабарлауға міндетті. Кәсіпорын осындай жағдайды түзету бойынша кез келген шараларды қабылдау үшін Банкпен өзара іс-қимыл жасауға міндетті, оның ішінде Банкке Кәсіпорынның шартта тиісті тәртіппен ақпараттың құпиялылық режимін болашақта бұзушылықтардың алдын алу қабілетін бағалауға мүмкіндік беретін барлық қажетті ақпаратты Банкке ұсынуды қоса алғанда.

11.5. Егер Кәсіпорын Банкке дереу хабарлама жібермесе, Кәсіпорын құпиялылық режимін бұзумен байланысты барлық алаяқтық Операциялар үшін және Банк осындай бұзушылық нәтижесінде туындауы мүмкін барлық шығындарды өтеу үшін жауап береді (Банктің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен).

12. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ

12.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамау немесе дұрыс орындамау үшін жауапкершіліктен босатылады, егер бұл орындамау немесе дұрыс орындамау алдын ала Тараптармен болжауға болмайтын және олардың Шарт бойынша міндеттемелерін орындауына әсер ететін еңсерілмейтін күш жағдайлары салдарынан туындаған болса, атап айтқанда: Қазақстан Республикасының органдары мен олардың лауазымды тұлғалары,

соның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Шарт мәніне тікелей қатысты Тараптардың қызметін шектейтін немесе тыйым салатын актілер/шаралар қабылдаған жағдайлар, сондай-ақ табиғи апаттар, әлеуметтік дағдарыстар, электр энергиясының өшуі, телекоммуникациялық желілер мен электр энергиясының уақытша зақымдалуы және/немесе өшуі, бағдарламалық қамтамасыз етудің бұзылуы.

12.2. Тараптар форс-мажор жағдайлары туындаған кезде бір-бірін ең кеші 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабардар ететіндерін және бұл жағдайлардың басталуы/тоқтатылуы туралы жазбаша хабарламаларды тиісті түрде рәсімдеп, Тараптардың уәкілетті тұлғалары бекіткенін растайды.

12.3. 12.1 тармақта көзделген жағдайларда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш жағдайлары мен олардың салдары әрекет еткен уақытқа сәйкес ұзартылады.

13. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ, ОНЫ ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ БҰЗУ ТӘРТІБІ

13.1. Осы Шарт оған екі Тараптың уәкілетті өкілдері қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

13.2. Осы Шарт бір жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың ешқайсысы осы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде бір ай бұрын осы Шарттың қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламаса, автоматты түрде кезекті кезеңге ұзартылады.

13.3. Кәсіпорын орындалмаған міндеттемелер мен шарт бойынша берешек болмаған кезде Банкке алдын ала жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн мерзімде бұзуға бастамашылық жасауға құқылы.

13.4. Банк бұл туралы Кәсіпорынды бас тартудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей жазбаша хабардар ете отырып, Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

13.5. Тараптардың бірі Шарт талаптарын елеулі түрде бұзған жағдайда, қарсы Тарап Шартты бұзудың болжамды күніне дейін 2 (екі) жұмыс күні бұрын бұл туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарлай отырып, Шартты орындаудан бас тартуға құқылы. Осы тармақтың мақсаттары үшін Шарт талаптарын елеулі бұзу Тараптардың бірі үшін шарт жасасу кезінде сенуге құқылы нәрседен едәуір дәрежеде айырылатындай залалға әкеп соқтыратын шартты бұзу не Шарт талаптарын кез келген басқа да бірнеше рет бұзушылық болып есептеледі.

13.6. Тараптар Шарт бұзылған немесе одан бас тартылған жағдайларда Шарт бойынша өзара есеп айырысулар Банктің көрсетілген мерзімде талаптары болмаған немесе алмаған жағдайда, Шарттың қолданылу кезеңінде жасалған ХТЖ Кәсіпорнында соңғы Операция өңделген кезден бастап күнтізбелік 120 (жүз жиырма) күн өткен соң ғана аяқталды деп есептелетінін анықтады. Банк Шарттың қолданылу кезеңінде жасалған қандай да бір Операциялар бойынша шағымдар көрсетілген мерзімде келіп түскен немесе алған жағдайда, Тараптардың Шарт бойынша өзара есеп айырысулары осы талаптарды және олармен байланысты барлық өзара есеп айырысуларды реттегеннен кейін ғана аяқталды деп есептеледі.

14. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

14.1. Шартта реттелмеген Тараптар арасындағы барлық қатынастарда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын және ХТЖ қағидаларын басшылыққа алады.

14.2. Осы Шартты орындау процесінде немесе оған байланысты туындаған даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі. Даулар және/немесе келіспеушіліктер бойынша келісімге қол жеткізілмеген кезде дау Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе ХТЖ қағидаларына сәйкес қарауға берілуі тиіс.

14.3. Тараптар шағымдар туралы арыздарды, егер олармен бір мезгілде Шарттарда көрсетілген талаптарды қарау үшін қажетті құжаттардың расталған көшірмелері ұсынылған жағдайда ғана қарайды.

15. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЕСКЕРТУ

15.1. Шартты жасасу, орындау, өзгерту және бұзу кезінде тараптар қолданыстағы заңнамамен "сыбайлас жемқорлық" ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың талаптарын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық құқықтың қолданылатын нормаларын бұзатын өзге де әрекеттерді (әрекетсіздіктерді) жүзеге асырмауға міндеттеме алады.

15.2. Тарапта осы Шарттың 15.1-тармағының қандай да бір ережелерінің бұзылуы орын алған немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап бұл туралы екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді. Осы Шарттың 15.1-тармағының қандай да бір ережелерін бұзу туралы хабарлама алған Тарап

хабарламаны қарауға және жазбаша хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде оның қаралғаны туралы екінші Тарапқа хабарлауға міндетті.

16. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

16.1. Тараптар келіседі, Шарт аясындағы қатынастарды реттейтін құқықтық негіз болып Шарт, Қазақстан Республикасының заңнамасы және ХТЖ ережелері табылады, егер олар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы болмаса. Шарттағы кез келген ереже немесе шарттар, ХТЖ ережелеріне (Шарт жасалған сәттегі белгілі ережелер немесе болашақта әзірленген ережелер) қайшы келген жағдайда, оларды ХТЖ ережелеріне сәйкестендіру қажет.

16.2. Кәсіпорын Шарттағы өз құқықтары мен міндеттерін Шартқа қатысушы емес үшінші тұлғаға Банкінің жазбаша келісімінсіз бере алмайды. Банк өз құқықтарын жазбаша хабарлама арқылы үшінші тұлғаларға бере алады және міндеттемелерін (толық немесе ішінара) Шартқа сәйкес, лицензиясы немесе ХТЖ рұқсаты бар үшінші тұлғаларға бере алады, бұл жағдайда Банк Кәсіпорынға осындай берілу туралы хабарламаны оны жасаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жазбаша жолмен жеткізеді.

16.3. Егер Кәсіпорынның деректері өзгерсе (*Кәсіпорынның атауы, сауда атауы (Сауда нүктесі), интернеттегі мекен-жайы (URL), ұсынатын тауарлары мен қызметтерінің ерекшеліктері, заңды мекен-жайы, фактілік мекен-жайы, банктік реквизиттері (Төлем операцияларын өтеу үшін қаражат аударылатын шот нөмірі), ЖСН, БСН, байланыс тұлғасының деректері (аты-жөні, телефон, факс, электрондық пошта)*), қосымша келісім жасалмайды. Бұл жағдайда Кәсіпорын өзгерістер болған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың 16.6-бөлімінде көрсетілген тәсілдердің бірін пайдаланып, Банкке жазбаша хабарлама жібереді және растайтын құжаттарды қосады.

16.4. Тараптар келіседі, егер Банкке ХТЖ тарапынан белгілі бір Төлем карточкаларын қабылдауды тоқтату туралы талап келсе, ХТЖ бұл талапты жалпы немесе Кәсіпорынға қатысты қойған жағдайда, Банк өз бетінше, сотқа жүгінбей, сәйкес ХТЖ Төлем карточкаларын қабылдауды тоқтатуға құқылы. Бұл жағдайда:

- ХТЖ талап алған күннен бастап Банк Операцияларды жүргізу бойынша міндеттемелерін тоқтатады;
- Банк Кәсіпорынды Төлем операцияларын орындауды тоқтату туралы хабардар етеді.

16.5. Кәсіпорын өзінің келісімін растайды және мыналарды көрсетуге және пайдалануға тиісті рұқсат береді: 1) Кәсіпорынның атаулары (оның ішінде сауда атаулары); 2) Кәсіпорынның мекенжайлары(лары); 3) Кәсіпорынның байланыс телефондары; 4) Кәсіпорынның тауар белгілері мен логотиптері; 5) Кәсіпорын төлем карточкаларын жасау мақсатында қабылдайтыны Банк тарататын немесе пайдаланатын жарнамалық материалдарда (оның ішінде Интернет желісіндегі сайттарда, жарнамалық брошюралар мен баспа басылымдарында).

16.6. Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, Шарт бойынша барлық хабарламалар, хат-хабарлар және басқа да хабарламалар Тараптарға жазбаша түрде беріледі және:

- қолма-қол жеткізу; немесе
- Шартта көрсетілген тиісті мекенжай бойынша не жөнелтімді алушы алдын ала көрсетуі тиіс басқа мекенжай бойынша (өзгерген жағдайда) хатпен жіберілуге тиіс. Шарт бойынша хабарламаларды, хат-хабарларды және басқа да хабарламаларды беруді Тараптар сайланған байланыс арнасы хабарламаның адресатқа жеткізілгені туралы растауды көздеген жағдайда жүзеге асыруға тиіс.

16.7. Банк немесе кәсіпорын таратылған не қайта ұйымдастырылған кезде құқық мирасқорына осы Шарт бойынша барлық құқықтар мен міндеттер ауысады.

Осы Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан бірдей заңды күші бар орыс және қазақ тілдерінде екі данада жасалды.